



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №24 (86) 13 маусым 2025 жыл

Мәдениет

Ардагерлердің өнері үстем болды

Іле ауданының Байкент ауылындағы мәдениет үйінде Алматы облыстық ардагерлер қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Отты жылдар жырлары», «Песни огненных лет» атты хор байқауы болып өтті.

Ұйымдастырушылар ардагерлердің бос уақытын мақсатты өткізуді ұйымдастыру, жастарға аға буынның өнерін насихаттау арқылы ұлттық мәдениетімізді дамыту мақсатын ұстанған. Ұйымдастырушылар аталмыш байқауды ардагерлер арасында бірінші рет ұйымдастырып отырғандықтан «Жеке ән орындаушы», «Топтық орындау хор» жанрын бекіткен. Шығармашылық байқауға Жамбыл, Қарасай, Іле, Райымбек, Ұйғыр, Талғар, Еңбекшіқазақ, Кеген, Балқаш аудандары және Қонаев пен Алатау қалаларының ардагерлер ұйымдары қатысты. Салтанатты іс-шара «Мәңгілік даңқ» атты театрландырылған көрініспен ашылды.

Хор коллективтерін құру, оның жұмысын бір жүйеге келтіру хор жетекшілеріне жүктелсе, хордағы әртүрлі дауыстардың бір-бірімен үйлесіп, интонациясының таза, дикцияның анық шығуы хорды ұйымдастырудың негізгі принциптері болып саналады. Хорға қатысушы әрбір әншінің даусы тек өзіне тән болуымен қатар үнінің қатқыл не жұмсақ, зор немесе бәсен, дауыс көлемінің кең не болмаса шағындығымен дараланады. Оны тек кәсіби мамандар ғана ажырата алады.

Сондықтан бұл байқауда қазылар алқасына жүктелер жауапкершілік жеңіл болмады. Байқауға Іле аудандық мәдениет үйінің директоры, режиссер, актриса, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі Қарлығаш Ахметбаева, Қазақстан Республикасы «Мәдениет саласының үздігі» Іле ауданының Құрметті азаматы Ержан Исатаев, халықтық «Сарытауқұм» ансамблінің домбырашысы, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Жасұлан Рамазан, «Айтуған Шәйімұлы» атындағы жыр-терме мектебінің жетекшісі, белгілі жыршы Рүстем Базарбай, халықаралық «Дала дауысы» телерадио байқауының лауреаты, дәстүрлі әнші Ақылбек Жаңабаев сынды өнер өлкесінде халыққа кеңінен танымал білікті мамандар қазылық етті.

-Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өткі. Уақыт өтсе де, санамыздағы даңқы өшпек емес. Өйткені, жеңіс халық жүрегінде терең ұялаған. Ал елдің ерлігі қаншама уақыт өтсе де ескірмейді. Осы тақырып аясында облыстың аудандары мен қалаларында әртүрлі шаралар өткізілді. Бүгін сол байқаудың қорытындысы ретінде әр ауданның үздік әншілері мен хор ұжымдары өз өнерлерін көрсетпек.



В ушедшем мае было много знаковых событий и главный из них – 9 мая, 80-летие победы советского народа в Великой Отечественной войне. Казахстан, отправивший на фронт свыше миллиона солдат и ставший индустриальным тылом, достойно отметил эту важную дату. Наша газета публиковала серию материалов на данную тему и будет продолжать это делать и далее. Еще много зарисовок, статей о казахстанцах – героях той страшной войны о тружениках тыла не увидели свет, так как не было технической возможности опубликовать их все до 9 мая, как просили нештатные авторы.

Сегодня мы расскажем о нашем земляке, участнике войны Айткали Канкурове, о котором писали недавно, но появился информационный повод продолжить тему военно-патриотического воспитания, исторической памяти и краеведения. Накануне исполнилось 110 лет со дня его рождения и к этой дате благодарные дети, внуки открыли «уголок памяти» в краеведческом музее г. Каскелен, куда был приглашен и ваш корреспондент.

По исламской традиции, родственники в первую очередь посетили мусульманское кладбище в Каскелене где над могилой



Байқауды өткізудегі мақсат-еңбек ардагерлерінің хор ұжымдарының өнерін насихаттау, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, халық шығармашылығын жетілдіру болып табылады,-деп облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы, Алматы облысының Құрметті азаматы Ерболат Тұрымбетов салтанатты шараның маңыздылығына тоқталып, байқау қатысушыларына сәттілік тіледі.

Байқаудың бірінші және екінші кезеңінде жеке орындаушылар мен ардагерлерден құралған хор ұжымдарының репертуарларында майдан даласындағы өшпес ерлік, Отан қорғау тақырыбындағы мазмұны терең туындылар орын алды. Концерт барысында ардагерлер хоры көрермен алдында сұрапыл соғыс жылдарындағы халықтың, жауынгерлердің көңіл-күйін айқын суреттейтін бояуы қанық әндер мен халық шығармашылығынан алынған туындыларды орындады. Қазақ жүрегінің жырына айналған «Атамекен» әнін орындаған Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының «Ақ желкен» хорын барша көрермен қосыла шырқады.

- Бүгінгі сахнадан шырқалған әрбір ән - біздің сезіміміздің, ерлік оқиғаларға толы тарихымыздың, бай мәдениетіміздің көрінісін тағы бір мәрте айшықтай түсті. Сұрапыл соғыстың отты жылдардағы аңызға айналған әндер сарапа салынды. Байқауға қатысушылар сахнада өз өнерлерімен бейбітшілік пен келісімде өмір сүрудің қаншалықты маңызды екенін, туған жерді бағалап, қорғаудың қаншалықты қымбат екенін барлығымыздың есімізге салды. Бір сөзбен айтқанда, жеке орындаушылары мен топтық хор репертуарлары қарапайым болған жоқ, қазылар алқасы үшін ең қиыны - жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау болды,-деп қазылар алқасының төрағасы Қарлығаш Ұланқызы байқау қортындысын жариялады.

Қазылар алқасының шешімімен хор ұжымдары бағыты бойынша Қарасай аудандық «Асыл қазына» ата-әжелер ансамблі бас жүлдеге ие

болды. Іле аудандық Әлібек Нұрғожа атындағы ардагерлер ансамблі І-ші орын,Еңбекшіқазақ аудандық «Алтын адам» әжелер хор ұжымы жүлделі ІІ-ші орынды, ал Жамбыл аудандық «Асыл әже, ару келін» хор ұжымы ІІІ-ші орынды еншіледі. «Жеке орындау» номинациясында Іле ауданы үздік атанды. Бірінші орынды Назгүл Ошыбаева, екінші орынды Вера Кочергина (Қонаев к.), үшінші орынды Ермахан Құрманғалиев(Кеген)иеленді.

Жеңімпаздарды Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов құттықтап, дипломдар мен ақшалай сыйлықтар және Алғыс хат табыс етті.

Осы байқауда Жамбыл облысы Ұзынағаш ауылындағы Күміс Пармашқызының атындағы «Ақ әжелер» этнографиялық ансамблінің мүшесі Тұрсынхан Үмбеталиева қазақ, орыс, корей, қырғыз, қытай тілдерінде ән орындап, залға жиналған барша қауымды тамсантип, өз өнерімен тәнті етті.

- Бұл әндерді қайдан, қалай үйрендіңіз?-деп сұрағанымызда. - Өнерде тіл шекарасы кедергі жоқ. Ал үйренем деп талпынған адам өз биігін қайтсе де бағындырады. Мен Қаскелең қаласындағы мәдени-ағарту училищесін бітіргеннен кейін мәдениет саласында жұмыс істедім. Жаңа Құрылыс ауылында көп жылдар мәдениет үйінің директоры болып қызмет атқардым. Жасым жетпістен асқанда басқа тілде ән айтуға аңсарым ауды. «Ізденген адам мұратына жетер» дегендей, алынбайтын қамал болмайтындығын пайымдадым. Әлеуметтік желіні пайдаланып, өзімнің даусыма ықшамдап әндерді таңдадым, жалықпай жаттықтым. Бүгін міне, 5 тілде ән айтып, көрерменнің көзайымына айналдым,-деп ақжарма сезімін білдірді.

Облыстағы ардагерлер ұйымында осындай өнерлі жандар үнемі ізденіс үстінде өнерсүйер қауымның көңіл-күйін шуаққа бөлеп, жастарға үлгі-өнеге көрсетуде көш бастап келеді.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ. Іле ауданы.

Апта жаңалықтары

РӘМІЗДЕРГЕ - ҚҰРМЕТ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ
Қонаев қаласы ардагерлерінің қатысуымен рәміздер күніне арналған жиын өтті.

Жиын Қонаев атамыздың ескерткішнен бастау алып, рэтро машиналар шеруімен 5-ші жағажайда жалғасын тапты. Алғашқы құттықтау сөзі қала әкімі Бердиханов Асхат Ермекұлына берілді. Аталған шараға облыстық және қалалық ішкі саясат бөлім басшылары, мектеп оқушылары, мекеме басшылары қатысты. Мейрам соңы концерттік бағдарламамен аяқталды.

ҰЙҒЫР АУДАНЫ

Аудан орталығы Шонжы ауылында Қазақстан Республикасының рәміздер күніне арналған шаралар өтті.

Шараға мекеме - ұйым, бөлімдер мен қоғамдық бірлестік басшылары, белсенді ардагерлер мен жастар, аудан орталығындағы Райымбек шекара қызметінің сарбаздары, ішкі істер бөлімінің және БАҚ қызметкерлері қатысты. Шара Шонжы ауылының оңтүстік жағына орналасқан тұғырына мемлекеттік Туымызды Әнұранның айтылуы кезінде көтерілуімен басталды. Жиналғандарды «Рәміздер күнімен» аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсентов, Долайты орта мектебінің оқушысы, ауыл мектептері арасында өткен республикалық олимпиада жеңімпазы Ш.Ибайдуллаева құттықтады. Бұдан соң шара аудандық Мәдениет үйінде жалғасты. Аудан әкімі Б.Серікқызы жиналғандарды «Рәміздер күнімен» құттықтай отырып, Тәуелсіздігіміздің арқасында келген осы күнді Қазақстанның әрбір азаматы еліміздің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын ерекше қадірлеп, қастерлеп, бойтұмардай қасиет тутуы парызы екенін айтты

АЛАТАУ ҚАЛАСЫ

Алатау қаласында Қазақстан Республикасының Рәміздер күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Қала әкімі Аркен Хамитұлы арнайы келіп, қала тұрғындарын, қонақтарды айтулы мерекемен құттықтады. Салтанатты жиында Мемлекеттік Гимн орындалып, көк Туымыз көкте желбіреді. Елтаңба, Ту мен Гимн еліміздің тарихынан сыр шертетін, халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер, тәуелсіз мемлекеттің басты символдары екенін көрсетеді.

Мемлекеттік жиынға « Ардагерлер», «Асыл ана» қоғамының мүшелері арнайы шақырылды, сонымен қатар қоғамдық кеңестің мүшелері де қатысты. Мерекелік жиын мектеп оқушыларының дайындаған концерттік бағдарламасына ұласып, әндер шырқалып,көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады

ҚҰРЫЛТАЙ - БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Қарасай ауданының Елтай округіне қарасты Береке ауылында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында берген тапсырмаларын талқылауға арналған жиналыс өтті.

Оған округ әкімдері, ардагерлер кеңесінің төрағалары мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары, жастар ұйымының жетекшілері қатысты. Жиналысқа қатысқандар Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелердің маңыздылығына тоқталды. Қоғамдық әдепті реттеу, теріс ағымдар мен ұлттық болмысымызға жат идеологияларға қарсы шараларды өткізу, көп балалы әйелдерді қорғау, алаяқтық әрекеттерге тосқауыл қою жұмыстарына ауыл ақсақалдары мен аналардың белсене қатысуының қажеттігі айтылды. Өйткені Құрылтай-халықтың талап-тілегін, ой-пікірін билікке жеткізетін маңызды институт.

ЕЛДІГІМНІҢ БЕЛГІСІ

Патриотизмді қалыптастырудағы рәміздердің рөлі

Мемлекеттік рәміздерді білу, оларды қастерлеу – әрбір азаматтың қасиетті парызы. Бұл – патриотизмнің ең қарапайым әрі негізгі көрінісі. Балабақшадан бастап мектептерде, колледждер мен университеттерде рәміздердің тарихы мен мағынасын үйрету – жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, елжандылықты қалыптастырудағы маңызды қадам. Мерекелік іс-шараларда, спорттық жарыстарда Туымыздың желбіреп, Әнұранымыздың шырқалуы әрбір қазақстандықтың рухын көтеріп, жүрегін мақтаныш сезіміне толтырады. Бұл сәттерде біз өзіміздің бір елдің азаматы екенімізді терең сезінеміз. Рәміздерге құрмет – азаматтық жауапкершілік.

Г.МАМЫРБАЕВА,
Талғар аудандық тіл оқу-әдістемелік орталығының меңгерушісі.

Часовой Родины 110 лет со дня рождения офицера – пограничника Айткали Канкурова



успошшего прочли молитву.

Следующий маршрут лежал в местный историко - краеведческий музей по улице Карасай батыра. Музейные работники рассказали об истории его создания. Возник он относительно недавно: в августе будет 26 лет со дня его открытия. Представлен залами: «Древняя история края», «История Каскелена и Каскеленского района», «Карасайский район и современность». В фондах музея насчитывается более 2 тысяч единиц хранения и около 1 тысячи составляет основной фонд.

Теперь в одном из залов открылся новый стенд о знаменитом каскеленце. На подиуме, под стеклом, размещена биография об участнике ВОВ, государственном деятеле Айткали Канкурове. Здесь же представлены боевые и трудовые награды, их удостоверения, зеленая фуражка пограничника, офицерская портупея со времен войны и портсигарник.

Думаю здесь уместно еще раз напомнить, особенно для новых читателей, о биографии нашего героя .

(Продолжение на 3-й стр.)

Фибратты ғұмыр

ЖАҚСЫНЫҢ ШАПАҒАТЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

«Аса жақын араласпасаң да, ерекше құрмет тұтатын жандар болады. Олардың адамдармен қарым-қатынасынан парасаттылық, қарапайымдылық пен биік мәдениет есіп тұрады» деген сөз ойыма оралып отырғаны тегін емес. Мен Сұлтан Қабдоллаұлын бір-ақ рет көрсем де, бейнесі көз алдымда сол қалпында сақталып қалды. Елжанды азамат, меценат, қоғам қайраткері Өмірзақ Сәрсеновтің Алматы қаласындағы офисінде миллиард ойнап бірі жеңіп, бірі жеңіліп жатқан тұсындағыдос көңілдерінің шынайы ақжарқын көңілдерінің куәсі болған едім. Сонда аз-кем үзіліс сәтінде әңгімеге тартып, бауырындай көріп құшағын ашып шынайы ризашылығын білдіргенде, бұрыннан таныстығы жоқ маған ықыласты көңіл аударған жылы сөзінен кәдімгідей марқайып қалған едім. Қарап отырсам одан бері араға жеті жыл өз ізін салып үлгеріпті.

«Адамның дүниеге келуі бар, дүниеден өтуі бар. Бұл - табиғи заңдылық. Осы келу мен кету арасында өзінің саналы ғұмырын ізгілік, жақсылық жасауға жұмсаған жан көпшілік есінде қалып, оны білетіндердің санасында ұзақ уақыт ұмытылмайды. Өзінің өнегелі ісімен, саликалы сөзімен көпке шапағатын тигізіп, шуағын түсірген азаматтың бірі Сұлтан Садықбаев ағамыз еді. Оның да арамыздан алыстағанына бес жылдың жүзі болды», - дейді Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Алматы облысының Құрметті азаматы Ерболат Тұрымбетов еске алып.

Иә, ер азамат деп, әке мен ананың ғана емес, ел баласы болып өскен, елінен ауа жүріп емес, халқымен бірге өмір кешкен, қиын-қы-

қуштарлығымен Бақанастағы орта мектепті үздік бағамен тамамдап, 1960 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының физика-химия факультетінің бірінші курсына қабылданады.

Институтты бітірген соң өзі білім нәрін бойына сіңірген Балқаш ауданының Бақанас ауылындағы орта мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастайды. Өмірлік жолының алғашқы қадамын айқындап берген, өмірдің сан сырларын білуге, сан қилы құбылыстарын терең ұғынуға мұрындық болған мектепте жинақтаған тәжірибесі болашағының бағдаршамына айналды. 1964-1965 жылдары Отан алдындағы азаматтық борышын аткарып келгенен кейін еңбек жолының баспалдағын қалаған мектепке қайта оралып, баста-



жылдары аудандық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде сан салалы шаруашылық жұмыстарына араласа жүріп, алдыңғы толқын ағаларының тәлім-тәрбиесіне қанықты, тәжірибе жинақтады.

1974-1976 жылдары Алматы Жоғарғы партия мектебінде оқып, қызыл дипломмен бітірген оны партияның сенімді жас кадры деп, облыстық партия комитетінің ұйғарымымен Күрті ауданының «Күрті» кеңшарына партия ұйымының хатшысы қызметіне жіберілгенде, жаңа қоныс пен жергілікті еңбек адамдарымен тез тіл табысып, қоян-қолтық іске араласу аса қиындық туғызбады. Өзіне сенім көрсетіліп бекітілген қызметті ел игілігіне пайдаланып, жастық күш-қайратын халыққа қызмет етуге жұмсап, көптің алғысына бөленуді ғана басты мақсат санады. Еңбегі бағаланып Алматы облыстық партия комитетіне жұмысқа шақырылады.

Сұлтан Садықбаев 1982-1986 жылдары облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, 1986-1992 жылы облыстық атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, 1992-1996 жылдары облыстық әкімшілік аппаратының бөлім меңгерушісі, 1996-1998 жылы облыстық әкімшілік аппараты жетекшісінің орынбасары, 1998-1999 жылы облыстық әкім орынбасарының кеңесшісі қызметтерінде ел арасында беделді, әріптестеріне сөзін өткізе алатын сыйлы азамат ретінде танылды. Сөйтіп, көп жылдар бойы Алматы облыстық партия комитетінде, Алматы облыстық әкімдігінде жоғарғы лауазымдарда үзіліссіз қызмет атқарып, адамгершілік қасиеттерінің арқасында абырой арқалап, елағасы атанды. 1999-2006 жылдары Жамбыл облысы әкімі аппаратының жетекшісі қызметін атқарып, кезек күттірмейтін қа-

уырт мәселелерді оңтайлы шешуде халықтың зор құрметіне бөленгенін ел ұмыта қойған жоқ.

Лауазымды қай қызметте жүрсе де, өзіне жүктелген міндеттерді атқару барысында әріптестерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеудің қағидаларын қалыптастырып және оның бұлжытпай орындалу тәсілін ұстана білді. Облыстағы әртүрлі көзқарастары қалыптасқан қоғамдық күштердің сан алуан ұстанымдары бар өкілдерімен байыпты тіл табыса алатын қасиетке ие болды. Түрлі жиындарда түйткілді мәселелердің шешімдерін және олардың ең тиімді жолдарын айқындай білетін білікті маман ретінде өзінің азаматтық позициясын көрсетіп отырды.

- Қызмет бабымен Сұлтан Қабдоллаұлымен жақын араластым. Сонда байқағным, айналасындағы адамдарға тек жақсылық ойлайтын, өзінің сабырлы мінезімен, таза көңілімен, тұнық ниетімен, бекзат мінезімен алдына келген адамды барынша ақжарқын көңілмен қарсы алып, келген шаруасын зейін қойып тыңдап, қолынан келсе көмектесуден аянып қалмайтын. Көпшілікке сәулесін түсіріп жүретіндіктен Сәкеннің айналасында жанашыр ағайын-туыстары, жора-жолдастары да көп болды. Оның бойындағы ең абзал қасиет-қарапайымдылығы, қайырымдылығы, сөзі мен ісінде алшақтықтың жоқтығы, ұстамдылығы, төзімділігі еді, - деді естелігімен бөліскен Ерболат Сапарұлы.

Мемлекеттік қызмет саласының ардагері Сұлтан Садықбаевтың ел алдында сіңірген еңбегі ескерусіз қалмады. «Халықтар достығы» орденімен және «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Астанаға 10 жыл» медальдарымен марапатталды. Алматы облысы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы атануы да-халықтың оған берген лайықты бағасы.

«Өмір өнегелі істерімен, артында қалдырған ұрпағымен ұзарады, сөйтіп мәңгі есте қалады» деген тәмсіл бар. Сұлтан аға 1967 жылы Нұржиян Мергенбаевамен шаңырақ көтеріп, 53 жыл бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, 4 бала, 7 немере, 2 шөбере сүйді. Бүгінгі таңда қыздары Ботагөз «Ashley Furniture» халықаралық жиһаз компаниясының бас директоры, Асел «Azimut Solutions» IT компаниясында жоба менеджері, ұлы Мадияр «Марс» инженерингтік компания директорының кеңесшісі болып, әке абыройына дақ түсірмей адал еңбек етіп жүр.

«Адамның артында қалатын өшпес ізі, жасаған ісі, адал еңбегі, азаматтығы мен жақсылығы» дейді халық даналығы. Кімге де болсын, қанша уақыт өтсе де оған баға беретін уақыт пен халық. Адами қасиетті өмірінің темірқазығы етіп ұстанып, еліне адал қызмет етуі арқылы Сұлтан Садықбаев саналы ғұмырын халқының мүддесімен ұштастыра білген азамат ретінде ел есінде сақталып қалды.

Иә, жақсының шапағаты ешқашанда ұмытылмайды.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,
Қазақ журналистикасының қайраткері.

стау жерде заман түйінін шешкен парасатты жандарды айтсақ керек. 1942 жылы дүние есігін ашқан Сұлтанның әкесі Қабдолла соғысқа кетіп, қан майданнан оралмай, жат жердің топырағын жастанып қала берді. Анасы Әлтай Жақтыбекқызы жалғыз ұлын ешкімнен кем қылмай өсірді. Қарапайым жұмысшы болып еңбек ете жүріп оқытты, тоқытты, қатарынан кем қылмай атжалын тартып ержеткізді. Ал Сұлтан болса зеректігімен, білімге

пқыда физика-химия пәндерінің мұғалімі, уақыт өте келе мектеп директорының орынбасары болып тағайындалады.

Білімділігі, біліктілігі, іскерлік қабілет деңгейі аудан басшыларының назарынан тыс қалмады. Елгезектігі, жасқа тән жігерлігі қызмет сатысымен көтерілуіне себеп болды да, 1969-1974 жылдары Балқаш аудандық комсомол комитетінің хатшысы, екінші хатшысы, бірінші хатшысы қызметін атқарды. Бұл

Дөңгелек үстел

Жақсылыққа жетелейтін жандар

Таяуда Талғар ауданы Тұздыбастау ауылындағы Мәдениет үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Тұздыбастау селолық округіне қарасты аналар кеңесінің «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» республикалық жобасының бағыттарын негізге ала отырып, «Жақсылыққа жетелейтін жандар» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Аналар кеңесі жастарды, жасөспірімдерді ұлттық құндылықтармен, салт-дәстүрлермен тәрбиелеуде ерекше орын алады. Ана-тәрбиенің бастауы. Сондықтан кеңес мүшелері қоғамда рухани-адамгершілік тәрбиені насихаттауда үлгі болады. Кеңес отбасы

ішіндегі сыйластықты, татулықты, бірлікті нығайтуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады. Ажырасу деңгейін азайту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында жұмыс істейді. Кеңес ел ішіндегі татулықты, ұлтаралық келісімді сақтауға атсалысады. Әйел-аналар бейбітшілік пен бірліктің символы ретінде түрлі қоғамдық жиындарға қатысып, келісім мен ынтымақтастықты дәріптейді.

Осындай мақсаттарды алға қойған Тұздыбастау селолық округіне қарасты аналар кеңесі мүшелері де өз мүмкіндіктерінше қоғамға пайдалы іспен айналысуда. «Жақсылыққа жетелейтін жандар» атты дөңгелек үстел-сол шаралардың бірі ғана.

Оған Талғар ауданы аналар кеңесінің төрайымы, Талғар ауданының құрметті азаматы Айтжамал Нұрбатырова бастаған Талғар ауданы округтеріндегі аналар кеңесінің төрайымдары,

жас ғалым, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, Талғар аудандық мәслихатының депутаты Жандос Байжұма, Тұздыбастау Мәдениет үйінің директоры, әнші, сазгер, ұстаз, мәдениет саласының үздігі Мұратбек Сарыбасов, Тұздыбастаудағы орталық мешіттің имамы Нұржан Керімбеков, ауыл ақсақалдары, ата-аналар, ұстаздар және қоғамдық қауымдастық кеңес мүшелері қатысты.

Алғашқы сөздің кезегін алған Тұздыбастау ауылдық округінің әкімі Шыңғыс Толымбеков көпшілікті осы шараның ашылуымен құттықтады. Дөңгелек үстелдің бет-пердесін ашқан Тұздыбастау ауылдық округіне қарасты аналар кеңесінің төрайымы, Талғар ауданының Құрметті азаматы Раушан Қабылжанова оның алдына қойған айқын мақсатын айтып, көпшілік қауымға осы шараға келген қонақтарды таныстырып, осы уақытқа дейін аналар кеңесі мүшелерінің атқарған тірліктеріне жан жақты тоқталып, арнайы слайд көрсетті.

Дөңгелек үстел басындағы әңгіме тақырыбын сұрыптасақ, білім мен ғылым, қоғам және дін мен өнер секілді үш бағытта өрбігенін байқауға болады. Сөз сөйлеушілер

айтар дүниелерін осы бағытқа арнады.

Сөз кезегін алған жас ғалым, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, Талғар аудандық мәслихатының депутаты Жандос Байжұма болашақ ұрпаққа ең қажетті дүние білім нәрімен сусындау екеніне мән бере отырып, жастарды білім мен ғылымға шақырса, Тұздыбастау ауылы мешітінің имамы Нұржан Керімбеков жастарды имандылыққа тәрбиелеуді үндеді. Тұздыбастау Мәдениет үйінің директоры, әнші, сазгер, ұстаз, мәдениет саласының үздігі Мұратбек Сарыбасов болса ұлт ұлт болып сақталынып қалса, оның өнері де өлмейтінін тілге тиек етіп, осы өнердегі өзінің ауыр да, абыройлы жолы туралы құрастырған видеокөрсетілімді көпшілікке көрсетті.

Дөңгелек үстел барысында болған әңгімелерден оған жиналғандар рухани нәр алғаны анық. Оны қорытындылаған Талғар ауданы аналар кеңесінің төрайымы, Талғар ауданының құрметті азаматы Айтжамал Нұрбатырова да осыған назарын аударып, осы бағыттағы өз ойын ортаға салып, дөңгелек үстелдің алдына қойған



мақсатына толық жеткенін тілге тиек етті.

Шара барысында Тұздыбастау ауылындағы Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары да өздері шырқаған әндермен шараның көркіне үлестерін қосқандай. Шара соңына қарай сазгер Мұратбек Сарыбасовтың жаңадан дүние есігін ашып, өнер әлеміне бет алған «Қазақтың қызы әдемі» әнінің тұсауы кесілді.

Осы шара барысында аналар кеңесінің жұмысының жандануына өз үлестерін қосқан бір топ қыз-келіншектерге ауыл әкімі Шыңғыс Толымбеков мақтау қағаздарын беріп, еңбектерін еледі.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.
Талғар ауданы.





Часовой Родины

110 лет со дня рождения офицера – пограничника Айткали Конкурова

(Начало на 1-й стр.)

Родился Айткали близ станции Сайхин нынешней Западно- Казахстанской области в 1915 году, незадолго до Великой Октябрьской революции. Поскольку родители Айткали рано ушли из жизни, его отдали на воспитание в детский дом имени революционера Феликса Дзержинского в районный центр Орда. Еще в школе он учился на отлично, проявил себя грамотным, аккуратным и ответственным учеником с превосходным каллиграфическим почерком. И неслучайно в 1934 году трудовая деятельность Айткали началась в городском управлении милиции города Уральск, куда приняли его сотрудником паспортного отдела.

С 1936 по 1954 годы, в числе которых были тяжелейшие годы войны СССР с Германией, служил в пограничных отрядах Среднеазиатского военного округа, дослужившись до звания капитан. Охранял восточные границы СССР, внося вклад в общую победу Красной Армии над фашистской Германией и по праву заслужил почетное звание ветерана Великой Отечественной войны. Многие из того что было, из-за специфики его службы, «осталось за кадром», рассказывать было нельзя, но судя по высоким наградам и полученному ранению Канкуров проявлял храбрость и отвагу при выполнении заданий командования по охране государственных границ. Да и 18 лет отданные службе на границе говорят о его большом опыте, профессионализме и востребованности у командования. Капитан Конкуров был награжден многочисленными орденами и медалями, включая Орден Великой Отечественной войны II степени, 2

ордена Красного Знамени, медали «За боевые заслуги», «За доблестный труд» и «Ветеран труда».

После демобилизации Айткали всецело ушел в гражданскую жизнь, помогая развивать послевоенную экономику советского Казахстана. С 1954 по 1961 годы он активно работал в партийных органах, начиная с инструктора райисполкома, дойдя до

должность начальника штаба гражданской обороны Каскеленского района. Будучи пенсионером в 1978 году он продолжал трудиться в Комитете государственной безопасности (КГБ), где работал до 1981 года. В течение своей жизни он неоднократно избирался членом райкома партии и депутатом Каскеленского районного совета народных депутатов. Его за



заведующего общим отделом и помощника первого секретаря Каскеленского райкома партии. В 1958 году окончил двухгодичную экономическую школу, а в 1971 году — школу партийного актива. Трудное детство, служба в пограничных войсках, участие в настоящих боевых операциях на советской границе, ранения, потери товарищей по оружию закалили характер Айткали. Скромность и ответственность, честность, сила воли, трудолюбие-это критерии настоящего офицера –пограничника и государственника. Поэтому партийная и советская власть всегда выдвигала его на ответственные посты: Он работал первым директором Каскеленского кинотеатра, занимал

службы были отмечены многочисленными наградами.

Айткали Канкуров вместе с супругой Зоей, также являющейся ветераном труда, воспитали четырех детей: две дочери, Батиса и Ирина работали педагогами в средней школе, старший сын Амир — инженером, а младший сын Владимир служил в Центральном аппарате КГБ, а затем в КНБ РК и вышел на пенсию в звании подполковника. У него восемь внуков и двенадцать правнуков, которые пошли разными путями в жизни. Внуки работают в сфере предпринимательства, фармацевтики, IT и государственной сфере. Именем Айткали Канкурова названа одна из улиц районного центра, а теперь вот появил-

ся отдельный выставочный стенд в местном музее.

На церемонии открытия стенда выступили дети, внук и правнук Канкурова.

Дочь Батиса Канкурова: Папа был очень добрый и всем помогал. Я помню одну женщину, оставшуюся без работы. Пока папа не нашел ей новую работу она жила в нашем доме. Любил нас и детей вообще. Может сказывалось его детдомовское прошлое? Вот одна криминальная история, раскрывшая его человечность и сердоболье. Один мужчина на бытовой почве, во время ссоры, убил свою жену. Она была родом с Украины, родичей тут не было и у нее остался грудной ребенок. Наш папа не мог пройти мимо этой трагедии, принес плачущего ребенка домой, и стал разыскивать по телефону кого-то из близких. Нашел бабушку с Украины и она через какое то время приехала в Каскелен и забрала внука.

А еще, он всегда помогал друзьям - военнослужащим, они приезжали и по долгу жили у нас, пока не обрели себе подходящее жилье. Папа еще любил выезды на природу, в горы, на рыбалку. Возглавлял добровольное общество охотников и рыболовов. Обожа л собак, всегда участвовал на выставках охотничьих собак, организовывал различные культурно-массовые мероприятия. Его уважал народ, так как он всегда, любому простому, даже неизвестному человеку, мог протянуть руку помощи. Такое сейчас встречается очень редко, к сожалению.

Сын Владимир Канкуров: Большое спасибо руководству и коллективу музея за благородный труд, а всем присутствующим спасибо, что пришли почтить память нашего отца. Это не только дань памяти и уважения нашему отцу, но и всем отцам и дедам обеспечившим нам мирное небо над головой.

Гульбану Вансова, дочь сестры Айткали: Я родом из России, с Астраханской области, Айткали Кан-

курович мне нагаши. После окончания войны он разыскал свою сестру и брата в Поволжье. Приезжал к нам с семьей в село Нижний Баскунчак, другой брат жил в селе Верхний Баскунчак. Мы общались, дружили. После окончания школы в 1966г. он позвонил моей маме и попросил направить меня в Казахстан, на учебу. Так я оказалась в Каскелене, поступила учиться в педагогическое училище, а потом в ВУЗ в Алма-Ате. Проработала 40 лет в системе образования и отсюда вышла на заслуженный отдых. Айткали Канкурович был строгим руководителем, но всегда меня поддерживал, направлял, советовал. Помогали и дети – Володя и Батиса. Очень рада что открылся «его уголок» в музее, он заслужил это.

Внук Станислав Канкуров: Мы - продолжение рода дедушки по мужской линии. Для нас открытие «уголка памяти Канкурова » очень важное событие. Спасибо работникам музея, управлению культуры Алматинской области за поддержку и содействие. И мы надеемся, что это послужит хорошим примером в деле военно -патриотического воспитания молодежи, честного служения родине и защите ее границ.

Амир Сараков, двоюродный правнук Айткали Канкурова, г. Москва: Несколько лет назад мы, вместе с нашими дедушками, начали активно искать утерянные сведения о своих предках, о родословной в военных архивах, на поисковых сайтах о ветеранах Великой Отечественной войны. И в 2019 году я впервые прошел с портретом двоюродного прадедушки – Айткали ата Кайнурова по Красной площади в Москве в составе «Бессмертного полка». Это были непередаваемые ощущения. Спасибо за приглашение в Казахстан, за то что мы сегодня собрались здесь вместе три поколения, в таком формате,ествуем наших дедов и прадедов, и весь наш род.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Каскелен.

Шамшырақ

Білім шыңындағы биік белестер

Ұстаз – ұлттың ұлы тұлғасын тәрбиелейтін киелі мамандық иесі. Білімнің шамын жағып, шәкірттің жүрегіне сәуле шашатын мұғалімдердің еңбегі қай кезде де құрметке лайық. С.Керімбеков атындағы орта мектеп ұжымы сапалы білім мен саналы тәрбие беруде табысты еңбек етіп жүрген шығармашыл педагогтарға бай. Мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары биылғы оқу жылында түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен зияткерлік байқауларда топ жарып, білім бәйгесінде оза шапты.

Бүгін мен өз ісінің шебері, шәкірт жүрегіне жол тапқан үлгілі ұстаздар мен болашағынан үміт күттіретін жас мамандарымыздың және оқушыларымыздың жетістіктерін мақта- нышып атап өтемін. Алдымен, әңгімемізді мектебіміздің мақтанышы, тәжірибелі ұстаз Айман Байсейтовадан бастағым келеді. 30 жыл еңбек өтілі бар қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі, жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуде заман талабына сай шығармашылықпен жұмыс жасап жүрген ол-талай шәкірттің жүрегіне білім шырағын жаққан, ізденістен жалықпайтын ұлағатын ұстаз. 2024 жылы «Үздік педагог – 2024» республикалық байқауының облыстық кезеңінде жеңімпаз атанып, 300 АЕК көлемінде сертификатқа ие болды. Сонымен қатар, Астана қаласында өткен «Оқу математикалық сауаттылық: табысты синергия» атты республикалық байқауда III орынды иеленіп, ұстаздар арасындағы бәсекеде биіктен көрінді. Бұл – кәсіби шеберлік пен қажырлы еңбектің жемісі.

Жас маманнан хас маманға айналған мектебіміздің мерейін арттырып, шәкірт жүрегіне білім мен тәрбие шуағын сеуіп жүрген ұстаздарымыздың бірі – тарих пәнінің мұғалімі, білікті педагог Аяулым Жұмағұл. Ол – тынымсыз еңбегі мен кәсіби шеберлігі арқылы жас маман атанған кезінен бастап, бүгінде нағыз жас маман дәрежесіне жеткен ұлағатын ұстаз. Ол– тек білім берумен ғана шектелмей, шәкірттің рухани дамуына, елжанды, парасатты азамат болып қалыптасуына ерекше ықпал етіп жүрген жан. Оның тәрбиелеген оқушылары «Яссауитану» республикалық байқауында жоғары нәтиже көрсетіп, биік белестерден көрініп келеді. Осы еңбегі еленіп, 2023 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің арнайы Алғыс хатымен марапатталуы – ұстаздың шәкірт тәрбиесіне сіңірген еңбегінің жарқын көрінісі. Жетістікке жету бір күннің жемісі емес. 2024 жылы Алматы облысы білім басқармасы ұйымдастырған ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, кәсіби ізденіс жолындағы қажырлы еңбегі үшін сертификатқа ие болды. Бұл – оның үздіксіз дамуға, өз ісіне қанағаш серпін беруге ұмтылатын ізденімпаздығын дәлелдейді. Ал биылғы 2025 жыл Аяулым Берікқызы үшін айрықша табыстар жылы болды. Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті ұйымдастырған республикалық конференцияда Ғылыми-зерттеу комитетінің шешімімен тарих ғылымының көрнекті өкілі, академик Кеңес Нұрпейісұлының 90 жылдығына орай мерейтойлық төсбел-



гімен марапатталды. Бұл марапат – ұстаздың тек шәкірттерге ғана емес, ғылыми ортаға да қосып жүрген үлесінің жоғары бағаланғанының айғағы. Аяулым Берікқызы – өзінің ізденісімен, жан-жақтылығымен, кәсіби біліктілігімен ерекшеленетін, шәкірт жүрегінен жол таба білген дара тұлға. Оның әрбір жетістігі – білім саласындағы адал еңбектің, биік жауапкершіліктің, шынайы ұстаздықтың жемісі.

«Жас маман – жаңашылдықтың жаршысы» дейміз. Жас болса да, талпынысы биік, талабымен дараланып жүрген ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Камшат Төлепберген – мектеп мақтанышына айналған мамандардың бірі. Ол 2022 жылдан бастап түрлі кәсіби байқаулар мен семинарларға белсенді қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. 2022 жылы «Дарынды оқушыға – талантты ұстаз» байқауында аудандық және облыстық кезеңдерде I орын, 2024 жылы аудандық кезеңде бас жүлде, аймақтық кезеңде I орын, ал облыстық байқауда тағы да

I орынды иеленіп, республикалық деңгейде өз бағын сынады. Камшат Талғатқызы – тек қатысушы ғана емес, қазылар алқасының мүшесі, семинар мен форумдардың спикері ретінде де танылып жүр. 2025 жылы ол Қарасай батыр мектебінде өткен «Үздік ағылшын тілі мұғалімі» байқауына жюри мүшесі, аудандық семинарда баяндамашы, ал үздік жас мамандар форумында спикер ретінде сөз сөйледі. Оның «Жетістікке жету жолдары» тақырыбындағы баяндамасы жас мамандарға үлкен серпін берді.

Шәкірт жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі десек, олимпиада – озаттардың алаңы. Ұстаз еңбегі дарынды шәкірт табысымен өлше-

неді. Кезекте биылғы оқу жылының дарынды оқушыларымыздың жетістіктерін саралай кетейік. Ағылшын пәнінен білім алған 6 «В» сынып оқушысы Бекнияз Нұрасыл аудандық пәндік олимпиадада III орынды иеленсе, жетекшісі - К.Төлепберген,11 «Ә» сынып оқушысы Таңатова Айгерім Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ер мен елдің жеңісі» республикалық пәндік олимпиадасында II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі – А.Жұмағұл. 9 «Ә» сынып оқушысы Баянғали Баянсұлу құқық пәнінен өткен аудандық пәндік олимпиадада I орын иеленіп, өзгелерге үлгі көрсетті. Жетекшісі- А.Абикеева. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 5 «А» сынып оқушысы А.Тұрсынбаева I орын алды. Жетекшісі-А.Хасанова. VII республикалық «Абайтану» олимпиадасының облыстық кезеңінде 9 «Ә» сынып оқушысы Баянғали Баянсұлу II дәрежелі дипломмен мара-

патталып, республикалық кезеңде де бағын сынады. Жетекшісі-Айман Байсейтова. «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі мен өңірлік «Дарын» орталықтары ұйымдастырған «Алтын түлек» республикалық математикалық олимпиадасында 11«Б»сынып оқушысы Бекжан Шыңғыс II орын,10 «Б» сынып оқушысы Амангелді Абдулмалик I орынды иеленді. Жетекшілері-К.Мауленова және М.Сәрсенова.

Шығармашылық – шабыт пен шеберлік нәтижесі. 8 «Ә» сынып оқушысы Емберген Жансауле Қонаев қаласында өткен экологиялық тақырыптағы шығармалар байқауының облыстық кезеңінде III орын иеленді. Жетекшісі- М.Омарбаева. Мағжан Жұмабаев оқуларының облыстық кезеңінде 9 «Г» сынып оқушысы Мақсатұлы Ісмет «Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясы бойынша II орын иеленсе, 10 «А» сынып оқушысы Серікбай Мөлдір «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» номинациясы бойынша III орынға ие болды. Жетекшілері-М.Омарбаева және Гүлназ Баймаханова. Илияс оқуларының облыстық кезеңінде10 «Ә» сынып оқушысы Нұрлан Аружан «Заманның заңғар тұлғасы» атты буктрейлер номинациясында II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі-М.Омарбаева. Біз өз шәкірттеріміздің осындай биікке ұмтылғанына куә болып, әр жеңісті жаңа белеске бастайтын баспалдақ ретінде қабылдаймыз.

Бүгінгі ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына тер төгіп, өз ісіне адалдықпен қарап жүрген ұстаздардың еңбегі – еліміздің ертеңіне салынған іргетас. Үлгілі ұстаздардың жолын жалғап, жаңашыл идеялармен жарқырап жүрген жас мамандардың жетістігі білім саласының болашағының жарқын екенін көрсетеді. Дарынды оқушылардың жеңісі – тек жеке қабілет пен ынтаның ғана емес, сонымен қатар оларды білім шыңына жетелеген білікті ұстаздардың тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Мұғалімнің жетекшілігімен жасалған дайындық, шабыттандыратын қолдау мен кәсіби бағыт-бағдар-әрбір шәкірттің табысына бастар жол. С.Керімбеков атындағы орта мектеп ұжымы – тек білім беріп қана қоймай, шығармашыл, ойлы, жаңашыл тұлға тәрбиелеуде қажырлы еңбек етіп келе жатқан ұйымшыл, кәсіби ұстаздар қауымы. Биылғы оқу жылы – соның нақты дәлелі. «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» екенін дәлелдеген ұстаздарымызға шығармашылық шабыт, қажымас қайрат тілейміз! Білім – баға жетпес қазына, ал сол біліммен қаруланған ұрпақ – ел болашағының алтын тұғыры.

М.ОМАРБАЕВА,
С.Керімбеков атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Мектептің ашылғанына - 30 жыл

14 мамыр күні Іле ауданы, Ақсай ауылдық мәдениет үйінде ұлт руханияты үшін аса маңызды, тағылымды шара өтті. Бұл күні Ю.А. Гагарин атындағы №16 орта мектеп қабырғасында алғашқы қазақ сыныптарының ашылғанына 30 жыл толуына арналған мерейтойлық іс-шара ұйымдастырылды. Аталған күн – тек бір мектептің мерейтойы ғана емес, ана тілімізде білім берудің бастау алған сәтін еске алумен қатар, ұлттың рухани тәуелсіздігі мен тілге деген құрметтің жарқын көрінісіне айналды.

Ұстаз еңбегі - ұлт тірегі

Шараның негізгі ұйымдастырушысы – алғашқы қазақ сыныптарының ашылуына мұрындық болған, бар саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаз Бәкір Нұрсейітұлы. Ардагер ұстаздың табандылығы мен жанашырлығының арқасында 1990-жылдардың басында қазақ тілінде білім беру ісі сәтті бастау алды. Бұл игі бастамаға өз үлестерін қосқан, сол кезеңде білім ордасында қажырлы еңбек еткен Жанымай Мәжитқызы мен Гүлнәр Ахметова секілді ұстаздар да ерекше құрметпен аталды. Олардың еңбегі бүгінгі буынның ана тілінде сапалы білім алуына жол ашты.

Мерекелік жиынға құрметті қонақтар ретінде Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ә. Исаев, Іле ауданы «Асыл ана» ұйымының төрайымы Б. Байпақбаева, Ақсай ауылдық округінің әкімі Б. Төреев, №16 орта мектептің басшысы Камила Каландаровна және осы тарихи сәттің тікелей куәгері, рухани көшбасшы ұстаз Бәкір Нұрсейітұлы қатысты.

Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ә. Исаев ардагер ұстаз Бәкір Нұрсейітұлына «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Сапарұлының атынан Алғыс хат табыстап, иығына шапан жауып, ұлт болашағы үшін сіңірген еңбегін жоғары бағалады. Сонымен қатар, бірнеше ардагер ұстаздарға өзінің атынан да алғыс хаттар табыстады.

Ақсай ауылдық округінің әкімі Б. Төреев Іле ауданының әкімі Қайыржан Серікбайұлының атынан білім саласына үлес қосқан ардагер ұстаздарға марапаттар мен мадақтамалар тапсырды.

Мерейтойлық шараны мазмұнды ете түскен тағы бір ерекше сәт – осы мектепті 25 жыл бұрын аяқтаған түлектердің арнайы келіп, ұстаздарына алғыс білдіруі болды. Олар алғашқы қазақ сыныбынан түлеп ұшқанын мақтанышпен айтып, ұстаздарына жүрекжарды ризашылықтарын жеткізді. Бұл ұрпақтар сабақтастығының, мұғалім еңбегінің шынайы жемісі екенін айғақтады.

Мерекелік жиын соңы мектеп оқушылары мен жергілікті өнерпаздар дайындаған концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Әсерлі өнер мен жүрекке жеткен әндер кеш қонақтарының көңілін тербеп, елдің рухын асқақтатты.

Көпшілік қауым бұл тағылымды шарадан ерекше әсер алып, өткенге тағзым етіп, болашаққа сеніммен тарқасты. Шара туған өлкенің, тіл мен білімнің тарихына жазылған жарқын парақ ретінде есте қалары анық.

Бағдат БАЙПАҚБАЕВА,

Іле аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

Ауыл спорты

ШЫНЫҚҚАН ШЫМЫРЛАР

Менің әңгімеме арқау болып отырған Іле ауданы Н.Тілендиев ауылында орналасқан №26 орта мектептің спортқа құмартқан оқушыларының ауыз толтыра айтатын, мақтанатын жетістіктері болмақ.

Биылғы жылы олардың қанжығалары майланды, жоғары орындары да толы болды. Атап айтсам, 5-6-сыныптардағы ұлдар командасы облыстық мектеп лигасы жарысында гандболдан 1-орынды жеңіп алды.

Облыстық гандбол жарысында жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында біздің мектебіміздің оқушылары командалық есеппен 2-орынды иеленді.

Оқу жылының соңына қарай облыстық мектеп лигасынан гандбол жарысында 5-сынып және 6-сынып оқитын қыздардан құралған командасы 3-орынды қанжығаларына салды.

Бүгінгі гандбол сүйер жеткіншектеріміздің арман-мақсаттары зор. Жастарымыздың арман үміті-әлем біріншіліктерінде, олимпиада ойындарында лайықты өнер көрсететін мықты спортшы болу.

Жас шәкірттеріміздің шеберліктерін көру, оларды шыңдау-жаттықтырушы ретінде менің басты мақсатым.

Мен ең алдымен адамгершілік, имандылық, ұлттық сананы алдыңғы мақсатқа қойған спорт сүйер шәкірттерімізмен мақтанамын. Олар мектебіміздің атақ-даңқын асқақтата берсін. Әлемге әйгілі, атакты спортшылар қатарынан табылатындарына көміл сенемін.

Асылбек ЗАРНИПОВ,

№26 орта мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі.

Н.Тілендиев ауылы.
Іле ауданы.



Өнеге

ЕСТЕ ҚАЛАРЛЫҚ, ЕРЕКШЕ КҮН...

Өмірде көп жасап кеткен көнеңің көздері мен одан кейінгі көштің басындағы аға буындар «Жаз айының беташары – жақсылықтың бастауы» деп тегін айтпаса керек. Расында да күнтізбеден маусым айының алғашқы парақтары ашылғаннан-ақ, қуанышты сәттер құшағын жая түседі. Мұны халықтың қалыптасып кеткен дәстүрге балап, көңілдері көкке жетіп жүргені де-үлкен қуаныш.

Осынау халықтық игілікті іс-шараны негізсіз айтып отырғанымыз жоқ. Бұған көптің алдына көлденең тартар мысалдар баршылық. Соның бірін ғана тілімізге тиек етіп алайық. Ол мектеп бітірушілердің араға жылдар салып, өзара сынып болып жүздесуі мен кездесуі. Бұл дәстүр ешқашан да ұмыт қалған емес. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген аталы сөзге сүйенер болсақ, біраз құлақ асатындай жайларға қаныға түсеміз.



Зырлаған уақыттың ағыны уысқа тұрмайтыны анық. Күні кеше ғана мектеп оқушысы атанып жүрген азаматтың, мектеп бітірген шағы бір салтанатты сәт болса, одан арғысы тіптен бөлек. Оны мектеп бітірушілердің 20, 30, 40, 50, 55 жылдық кездесулерінен жыл сайын көріп жүрміз. Мұның өзі уақыттың оңай өлшемі емес. Мектеп бітірген түлектердің осыншама жылдардан кейін сартап болған сағынышпен бас қосулары қандай ғанибет десеңізші. Өмірде бір келетін осынау қуаныштарды көзбен көріп, бастан кешсеңіз, тіптен тіл жетпейтін ғаламат күйге түсесіз.

Таяуда 1970 жылы (бұрынғы Нарынқол) қазіргі Райымбек ауданының «Нарынқол» орта мектебін бітірген 10-шы «Г» сыныбы түлектерінің мектеп бітіргендерінің 55 жылдық кездесуіне қайран қалмасқа әбдің жоқ. Олардың осыншама уақытта араға салып, бір-бірлерімен бетпе-бет, жүзбе-жүз қауышуларын адам баласының арасындағы бастан кешетін өзара қиындықты, сыйластықты, бауырмалдықты, сағынышты анық аңғаруға болады. Өрине, мұндай жан сүйсіңтер жақсы іске қызыға қарайсыз.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері өмір өріне өшпес өнеге жолы ретінде берік қалыптасып, жақсы жалғасып келе жатқан айнымас дәстүрдің, тамаша сәттердің тағлым аларлық жәйттердің тағы да куәсі болдық. Сол кезеңде «Нарынқол» орта мектебі атауына ие болған бұл білім ордасы кейіндеп Абай атындағы орта мектеп атанды, Ал, біраз жылдардан бері мектеп атауы түпкілікті

түрде марқұм, жерлесіміз, журналист-жазушы Тельман Жанұзақовтың есімімен аталып келеді. Бұл кездесуді ұйымдастырып отырған түлектер-бүгінгі күні 73 жастың белесіне шыққандар. Шеттерінен халық алдындағы парыздары мен қарыздарын мұлтіксіз орындаған әлі де орындап келе жатқан ардақты аталар мен апалар. Құрметті ардагерлер сапындағы олардың әрқайсысы бір-бір үйдің бәйтерегі десе де болады. Ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты апалардан жапырақ жайған ұл-қыздары да бір-бір әулеттің иегерлері ғана емес, халықтың қамы үшін табан ет,

мандай терімен еңбек етіп жүрген жайсаң жандар. Оның өзі ұзын-сонар әңгімеге татырлық.

Кездесу барысындағы жиналғандардың әңгімесі осы күнге дейін осы күнге дейінгі өткерген өмірлеріндегі бастан кешкендерін баяндаудан басталды. Ең алдымен олар өмірден бақилық болып кеткен парталастарының және отау құрғаннан кейінгі өмір барысында о дүниеге аттанып кеткен әруақтарға арнап құран бағыштады. Осы орайда оқушы кезінде белсенді болған Тұрдыш Иембердиева, Әбілкасым Смағұлов, Бақыт Тағыбеков, Нұрқасым Бағашаров, Дәріжан Ермекбаев, Әлия Кенжебаева, Саркыт Алмабекова, Аманкелді Малаев, Амантай Сейлібаев, Күлсара Алдабекова, Жәнет Бүйенбаев, Нұрмұхамед Есімбеков, Нағима Мәдиева, Төлепберген Шарғынбаев, Бүбіш Мұрапбаева, Қарлыға Сәрсекова, Бүбіна Көккөзова, Дүйсенбай Сламжановтар сол бір адамдық асыл қасиеттерін сары алтындай сақтап қалған.

Олардың осындай пәктігі мен тазалығына қуанбай тұра алмайсың. Осынау тәлім-тәрбиенің, тектіліктегінің, иман-ибадаттың сан қыры олардың бүгінгі ұрпақтарына да жұғысты болған. Әрқайсысы адалдықпен атқарған еңбектерінің арқасында абырой атаулыдан кенде қалмаған. Әркім өз мамандығының иегерлері болып, еліне еңбектерін сіңірген елеулі азаматтар қатарынан табылған. Ол ұзақ әңгіме. Ал, кезінде сыныптастары суретші болады деп үлкен үміт күтіп жүрген Нұрмұхамед Есімбеков жазушы болып кеткен. Оның білім беру ісінің білгірі атануымен қатар, жақында ғана «Нарынқол әңгімелері» деген жаңа кітабы жарық көріпті. Сыныптастары оны осы кітабымен қуана құттықтап жатты. Біз де сәттілік тіледік.

Сөйтіп, мектеп бітірушілердің бұл басқосу кеші есте қаларлықтай ерекше күн болды. Олардың жүздерінен сол күні қарттықтың, қартайғандықтың ешқандай да белгісін көре алмадық. Қайта армансыз шер тарқатып, бір жасарып қалғандықтың жақсы нышанын байқадық. Кездесудің кереметтігі осы да...

Қанат ТӨКЕБАЕВ.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

Қалдықтар дегеніміз – тікелей қолдану орны жоқ және оны өңдеудің техника және экономика тұрғысынан тиімді технологиясы жоқ тастанды заттарды айтады. Қоқыстар жинаған кезде атмосфераға өте көп улы заттар бөлініп, тыныс жүйесі аурулары мен репродуктивті және имундық жүйелердің ауытқуларына әкеліп соғуы мүмкін. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға арналған контейнерлердің толып кетуі және жағымсыз иістердің пайда болуы жұқпалы және басқа аурулардың пайда болуына, кеміргіштер мен шыбын-шіркейлердің көбеюіне әкеп соғады. Жалпы, тұрмыстық қатты қалдықтардың құрамына тағам, қағаз, металл сынықтары, резеңке, шыны, ағаш, мата және пластик, синтетикалық қалдықтар кіреді.

Қатты тұрмыстық қалдықтарға (бұдан әрі – ҚТҚ) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» бұйрығында көрсетілген.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады. ҚТҚ-ны шығаруға қойылатын негізгі санитариялық-эпидемиологиялық талаптар:

Елді мекендерде (тұрғын үй қорының, ұйымдардың, мәдени-бұқаралық мекемелердің, демалыс аймақтары аумақтарында) көлік кіретін жерлері бар, қалдықтарды жинауға арналған контейнерлерді орналастыру үшін арнайы алаңдар бөлінеді. Алаңға қатты жабын жабылады және үш жағынан қалдықтардың желмен таралу мүмкіндігін болдырмайтын биіктікте, бірақ кемінде 1,5 м биіктікте қорықсады;

ҚТҚ-ны жинау үшін абаттандырылған тұрғын үй қорында контейнерлерді қолданады, жеке үй иеліктерінде қақпағы бар еркін конструкциядағы ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді;

Субъект (ҚТҚ контейнерлерінің меншік иесі) контейнерлерді пайдаланатын халықтың санына, қалдықтардың жиналу нормаларына, олардың сақталу мерзіміне байланысты орнатылатын контейнерлердің санына жүргізілген есептеуді ескере отырып орналастырады. Контейнерлердің есепті көлемі қалдықтардың іс жүзінде жиналуына сәйкес келеді;

ҚТҚ-ны шығару уақытты жүзеге асырылады. Контейнерлерде қалдықтарды сақтау мерзімі 00с және одан төмен температурада үш тәуліктен, температура плюс болғанда бір тәуліктен аспайды.

Ал тұрғындарға қойылатын талап қатты тұрмыстық қалдықтарды бей-берекет тастамай, тек арнайы қоқыс контейнерлеріне шығаруды қолға алуы қажет.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 6060

Тапсырыс №1303

Индексі – 65472.